



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақ тіл білімі кафедрасы

**«ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ,
СТИЛИСТИКА, КӨРКЕМ МӘТІН» студенттердің
IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**«THEORY OF LANGUAGE AND LITERATURE,
STYLISTICS, FINE TEXT»
IV international scientific-theoretical
conference of students
MATERIALS**

Астана, 2023

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ

EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY NAMED BY L.N. GUMILEV
FACULTY OF PHILOLOGY
DEPARTMENT OF KAZAKH LANGUAGE EDUCATION



**«ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ, СТИЛИСТИКА, КӨРКЕМ МӘТІН»
студенттердің IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**«THEORY OF LANGUAGE AND LITERATURE,
STYLISTICS, FINE TEXT»
IV international scientific-theoretical conference of students
MATERIALS**

Астана қаласы, 2023

ӘОЖ 80/81+821.0
ББК 81.2+83.3
С37

*Баспаға Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті
Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылған*

Редакция алқасын басқарған:	Бейсенбай А.Б.
Редакция алқасы:	Маликов Қ.Т.
	Саркенова Қ.Қ.
	Өмірбекова Ж.Қ.

С37

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор М.С.Серғалиевтің 85 жылдығына орай «Серғалиев сабақтары – 2023» аясында өткізілген студенттердің «Тіл мен әдебиет теориясы, стилистика, көркем мәтін» атты IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, – 139 б. 2023.

ISBN 978-601-337-820-6

Конференция материалдарының жинағына академик М.С. Серғалиев еңбектерінің контексті, тіл мен ұлт, әлеуметтік лингвистика, коммуникативтік лингвистика, дискурс, контекст, тіл мәдениеті, көркем мәтін, тілдің құрылымдық, семантикалық және функционалдық мәселелері бойынша мақалалар енгізіліп отыр.

Жинақ филология факультетінің білім алушыларына арналады.

ISBN 978-601-337-820-6

ӘОЖ 80/81+821.0
ББК 81.2+83.3

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2023

3. Серғалиев М.С. Профессор Қ.Жұбановтың синтаксистік зерттеулері // Жұбанов тағылымы. Ғылыми конференция материалдары. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті, 1998. – 24-28 б.

4. Садирова К.Қ. Профессор Қ.Жұбановтың қазақ тілі синтаксисіне қатысты пайымдаулары // «Жұбанов тағылымы-VII» халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы АқМУ РББ, 2009. – 204-207 б.

5. Садуақас Н.А. Қазіргі қазақ тілі фонетикасы: Оқу құралы. – Ақтөбе: «АПО-Көкжиек», 2015. – 254 б.

М. СЕРҒАЛИЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жиенбекова А.

aruzhan.zh2003@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

5B01717 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-ның 2-курс студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Өмірбекова Ж.Қ.

Аннотация. В этой статье рассматриваются проблемы литературного языка по работе Серғалиева. Отмечены особенности литературного языка и проанализированы.

Abstract: This article examines the problems of the literary language in the work of M. Sergaliev. The features of the literary language are noted and analyzed.

Тіл – қай халықтың болмасын ең басты қазынасы. Ол достықтың кілті, ынтымақтас-тықтың бастауы, ырыс – берекенің алды. Тіл – ұлттың әрі жаны, әрі ары. Себебі, тілді жасайтын халық. Әр халық өз тілін жасайды. Тіл арқылы халықтың болмысы көрінеді. Тілдің қалыптасып, дамуы ұзақ мерзімді қамтитын процес. Үзбей даму барысында қалыптасқан халық тілінің ең жоғарғы формасы- әдеби тіл. Әдеби тіл – халық жетістігі. Өйткені, әдеби тіл халық тілі негізінде қалыптасып, ең жоғарғы дәрежеге жеткен тіл. Ол төл мәдениетіміздің көрсеткіші. Кешегі тарихымыз, әдеби мұраларымыз әдеби тіл арқылы сақталады. Тіліміздің тазалығы мен құндылығын да әдеби тілімізді дамыту арқылы сақтай аламыз. Әдеби тілдің өзі қоғам бар жерде ғана пайда болып, өмір сүреді. Демек, қоғамнан тыс, бөлек тіл жоқ. Әдеби тіл – қоғамның жемісі. Сондықтан әдеби тіл жай сөз не түсінік емес, өмірдің талай сынынан өткен, өскелең талаптарға сәйкес өрістей түскен толыққанды ақиқат десек, жаңыла қоймаспыз.

Әдеби тілдің қалыптасуына әдеби тіл негіз болатындықтан, оны сөйлеу тілінен мүлде бөлек деп қарастыра алмаймыз. Дегенмен, оның ерекшеліктері де жоқ емес. Әдеби тілдің ерекшеліктерін көрсету үшін "әдеби тіл" деген түсінікті анықтап алу қажет. Өйткені әдеби тілдің мазмұны, сипаты туралы айқын айтылған тұрақты пікірлер жоқ. "Бірқатар ғалымдар әдеби тіл дегеніміз жалпы халықтық тілдің өңделіп, қырланған түрі деп таныса, енді бәрсыпырасы жалпы хатқа түскен дүниелердің тілі әдеби деп таниды"[1, 9]. Сол сияқты М. Серғалиевте жазба тілін әдеби тілдің басты белгілерінің бірі деп қарастырды. Алайда жазылғанның барлығын әдеби тілдің үлгісі дей алмаймыз. Қағазға, тасқа жазылғанның бәрін, баспада басылғанның бәрін әдеби тілдің үлгісі деуге болмайтындығын айтады. Бұл жерде мәселе нормаға келіп тіреледі. Әдеби тіл болуы үшін ол ең алдымен тілдің табиғатын ашатын әр нормаға сай келіп отыруы тиіс.

Әдеби тілдің ерекшеліктерін филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзатай Серғалиев Мәулен Балақаевпен бірігіп жазған еңбегінде көрсетіп өтеді.

Әдеби тіл- жазба тіл. Бұл әдеби тілдің ең басты белгісі. Өйткені, тілдің қыр- сыры, оның көркемділігі, тазалығы көбіне жазба тіл арқылы көрінеді. Тарихымыздан, әдебиетімізден, тілімізден хабар беретін мәліметтердің бәрін де жазба тіл арқылы танымыз. Сол арқылы

зерттейміз, талдаймыз, қалпына келтіре аламыз. Ол туралы М.Серғалиев әдеби тілдің халықтың жазу мәдениетімен тығыз байланысты екенін айта келе, әдеби тіл жазу арқылы, әдеби мұраларды баспаға басып, жұртқа тарату арқылы, ауызекі тілдің байлықтарын екшеп саралау арқылы қалаптасады дейді [2, 32]. Жазба тіл мен әдеби тілдің арақатысынан әдеби тілдің келесі ерекшелігі туындайды. Ол әдеби тілдің жүйелілігі. Әдеби тіл қоғаммен тығыз байланысты. Қоғамның дамуымен әдеби тіл дамиды. Ал қоғамның бір орында тұрмайтындығы, оның өзгеріп отыратыны бәрімізге белгілі нәрсе. "Жазба тілдің ілгері даму барысында халық тілінің сөз байлығы, грамматикалық құрылысы ықшамдалады, сұрыпталады, нормаланады. Нормға түспеген әрі- сәрі тіл әдеби тіл деп есептелмейді" [1, 32]. Әдеби тілдің басқа белгілері, ерекшеліктері тұрғысында әртүрлі пікір қалыптасып, екіге жарылып отыруы мүмкін. Алайда әдеби тілдің нормасы болуы және нормаға сай келуі- әдеби тілдің басты белгілерінің бірі екенін ешкім жоққа шығармайды. Өйткені "тілдің нормалану дәрежесі неғұрлым жоғары болса, тілдің әдебиеттік қасиеті соғұрлым жоғары болады" [2, 32]. "Әдеби тілдің нормасы жазуда ғана емес, сөз қолдануда да, сөйлем құрағанда да, грамматикалық тұлғаларды пайдалануда да, қысқасы, тілдің өң бойында болуға тиіс [1, 53]. Өйткені тіліміздің құндылығы, байлығы сөйлеу барысында көрінеді. Ал тілдің байлығы қалай көрінеді? Оның мол мүмкіндіктерін пайдаланып, "былапыт", "кесір" сөздерді қоспай тілдік норманы сақтап сөйлегеннен көрінеді. Тілдік норманың бұзылуына алып келетін оның ауытқуы. М.Серғалиев М.Балақаевпен бірігіп жазған еңбегінде нормалардың өзгеріске ұшырауын нормадан ауытқу деп, оның екі түрін көрсетеді:

1. жөнімен ауытқу

2. жөнсіз ауытқу

Р. Сыздық бұл ауытқуларды уәжді және уәжсіз ауытқу деп атайды. Нормадан ауытқу, оның ішінде жөнсіз ауытқу бүгінгі таңда актуалды мәселе. Себебі бүгінде жастар тілінде жөнсіз ауытқу көптеп орын алып жатады. Жастарды былай қойғанда бұқаралық ақпарат құралдарының тілінде нормалардың сақталмауы да орын алып жатады. Бұл өте өрескел қателік. Себебі жастардың тілі ауызша тілге құрылады. Ал бұқаралық ақпарат құралдарының тілі әдеби тілдің жоғарғы үлгісі болуға тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдарында әрбір тілдік норма қатаң сақталуы тиіс. М. Серғалиев мұндай жөнсіз ауытқуды әр уақытта жөнге салып отыру керек екендігін айтады.

Айтылған сөз ауыздан шығып, құлаққа естіліп, кісінің ойынан қоныс табады. Ойды нақты жеткізу үшін айтылған сөз анық әрі таза болуы тиіс. Анық айтылмаған сөз көздеген жеріне жетпей қалады. Сөз анық болу үшін белгілі бір ереже шығарудың қажеті жоқ. Үйреншікті дәстүрмен айту жеткілікті. Бұл орфоэпияның нормасы. Сол сияқты жазуда да бірізділікті сақтап, нормаларға сүйеніп жазу жөнсіз ауытқудың алдын алу болады.

Әдеби тілдің мойындалған басты белгілерінің бірі- стильдік тармақтардан тұруы. Стильдік тармақтардың пайда болуы тілдің қоғамдық қызметіне байланысты. Стильдік қабаттардың дамуы барысында әдеби тілдің қызметі дамып, қолдану аясы кеңейіп отырады. Әдеби тіл – қоғамдық қызметі мол тіл. Яғни әдеби тіл ғылымның, әдебиеттің, өнердің, мәдениеттің, баспасөздің, саясаттың, кеңсенің тілі. Әдебиеттің мұндай ерекшеліктері әр кезеңге бірдей жауап бере алмайды. Сонымен қатар, әдеби тіл болуы үшін бұл шарттардың түгел қамтылуы міндетті емес.

Әдеби тіл мәселесі туралы сөз болғанда зерттеуші ғалымдардың арасында екіұшты түсінік тудыратын бір мәселе- ауыз әдебиеті мен әдеби тіл. Көбіне ғалымдар әдеби тілді ауыз әдебиетінен бөлек қарастырады. Дегенмен, оны "әдеби тілдің бір үлгісі" деп қарастыру да нақты дәлелдерді қажет етеді. Ауыз әдебиетінің ерекшеліктерін, өзіне тән сөз саптау үлгісі бар екендігін, көркемдегіш құралдары болатындығын мойындамасқа болмайды. Алайда халық ауыз әдебиеті ауыздан-ауызға таралып, ұрпақтан- ұрпаққа жатталып жететін болғандықтан, оның тілін жетілдіру ережелерге сәйкес жүзеге аспайтыны себепті "әдеби тіл" деп айтуға да болмайды. Сондықтан М.Серғалиев былай тұжырымдайды: " Қазақ халқының жазуы болмай тұрған кезде бай ауыз әдебиеті болды. Ауыз әдебиеті әдеби тілді қалыптастырудың алғашқы лабораториясы, бірақ оның тілі шын мәнінде әдеби тіл деп есептелмейді. Оның себебі-

фольклор тілінде жалпыға ортақ бірізділік, әдеби тілге тән басқа қасиеттер бола бермейді, көп жерде, мысалы ертегіде, оның айырмашылығы шамалы – ақ болады [1, 32]. Р. Сыздықта осы пікірге саяды. Әдеби тіл мен ауыз әдебиетінің жігі бір-біріне қарсы қойылу арқылы анықталатынын айтады. Сондықтан ауыз әдебиеті мен әдеби тілді жеке қарастыра отырып, ауыз әдебиеті әдеби тілдің қалыптасып, дамуына мол үлес қосты деген пікірге келеміз.

Әдеби тіл өзгермелі құбылыс дедік. Қазан төңкерісінің тұсы қазақ әдебиетінің біршама өзгеріске түскен дәуірі болды. Оның бір мысалы, тұрмысқа байланысты қазақ тілінде жаңа ұғымдардың пайда болуы, жаңа сөздердің енуі. Ол сөздер алғашында сәл фонетикалық өзгеріске түсіп қолданылды (*болыс, самаурын, доға*). Ал кейін қабылданған сөздерге халқымыз өздері атау беріп отырды (*отарба, шайтанарба, жер май*). Әрине бұл жылдардағы әдеби тілдің өзгеруі орыс тілінің әсері болды. Ол өзгерістер тіліміздің табиғатына сай өңделіп отырды. Олай етілмесе норманың бұзылуы орын алады. Дегенмен, тіл-күрделі құбылыс. Сондықтан кейбір қателіктердің орын алуы да ғажап емес. Орыс тілінің қазақ тіліне тигізген әсерін терең қамту үшін ерекше зерттеулер жүргізіп, көлемді еңбектер жазу керек. М.Серғалиев М. Балақаевпен бірігіп жазған әдеби тіл туралы еңбегінде басы ашылған, айқын түрлерін атап, мысалдар көрсетіп кетеді. Соның бірі орыс тілінің қазақ тіліне әсер еткен дәрежесі әдебиет жанрларының барлық тарауларында бірдей еместігі. "Мысалы: қазақ жазушыларының көркем шығармаларында ол әсерлер айқын түрде көзге онша түсе бермейді де, оған қарағанда, аударма шығармаларда, әсіресе газет- журнал тілдерінен, ондай мысалдарды көптеп келтіруге болады" [2, 32]. Оның бәрі бүгінгі әдеби тілге ешқандай жаттығы жоқ, нормаға айналып кеткен құбылысты көрсететін фактілер.

Орыс тілінің қазақ әдеби тілінің дамуына әсер еткен оң факторлар мен қатар теріс әсерлері болғандығын да ескеру керек. Оның бірі адам тегіне жалғанатын -ов, -ев қосымшалары. Әрине, бұл ең алдымен ұлттық мәселе. Ал тілдік тұрғыдан қарағанда бұл жұрнақтар қазақ тіліне жат. Бір тілдің екінші тілден сөз қабылдауы заңды құбылыс. Бірақ ол кез келген сөзді қабылдау деген сөз емес. Бұл қосымшалар ұзақ мерзім бойы және қазір де бұл қосымшалар әдеби нормаға кіріп, қабылданып қойды. "Қабылданған норма бойынша қазақ тіліндегі түбірдің жуан, жіңішкелігіне қарамай, орыс тіліндегідей, соңғы дыбыстардың әуенімен және ол қосымшаға екпін түсу- түспеуіне қарай екі вариантта жазылып келеді. Онда үндестік заңы деген жоқ. Себебі, қазақ тілінің үндестік заңымен ұштасатын қосымша емес, орыс тілінен енген қосымша" [2, 79-80].

М.Серғалиев әдеби тілге қатысты, оның нормасына қатысты басқа да маңызы мәселелерге тоқталып өтеді. Қазақ әдеби тілінің тарихы мен даму арналарына қатысты ойларын айтып өтеді. Әр норманың өз заңдылықтарын саралай келе, әр сөз нормаға бағынуы керек деп көрсетеді. Нормада қиындық тудыратын кейбір мәселелерге тоқталып, оларды мысалдар арқылы айқындап береді. Нормаға бағынбайтын кейбір сөздерді әдеби тілдің ата жауы деп, оларды былапыт сөздер деп атайды.

Сонымен әдеби тілге берілген, қатып қалған анықтама жоқ. Дүние жүзіндегі барлық әдеби тіл атаулыға бірдей, сондай-ақ әдеби тілдің барлық кезеңіне ортақ әмбебап анықтама болмайды. Ол тағы да әдеби тілдің уақытқа бағынатындығымен, қоғамдық қызметімен байланысты. Белгілі бір кезеңдегі әдеби тілдің анықтамасын түзіп, негізгі белгілерін айқындағанда, әр дәуірдегі әдеби тілдің нақтылы мүмкіндігі, қызмет ету сферасы, оған жүктелетін міндет, өмір сүру формасы ескерілуі керек.

Әдеби тіл – нормаланған, стильдік тармақтары бар, жазба тіліне негізделген халық тілінің ең жоғарғы формасы. Әдеби тіл – қоғамдық, күрделі құбылыс. Қазақ әдеби тілі – өзіндік бай тарихымен ерекшеленетін, бірнеше даму кезеңдерінен өткен, қазақ ұлтының қоғамдық өмірінің сан-саласында көркем әдебиет пен мерзімді баспасөзде, радио мен теледидархабарларында, білім беру жүйесі мен ғылым салаларында және іс- қағаздарында қолданатын тілі.

Пайдаланылған әдебиет

1. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар): Көп томдық шығармалар жинағы/ Рәбиға Сыздықова / –Алматы: «Ел-шежіре», 2014 ж. – 352 б.
2. М.Балақаев, М. Серғалиев. Қазақ тілінің мәдениеті. Оқулық – Алматы: "Дәуір-кітап", 2013 ж. – 240 б.

М. СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ТІЛІ

Жолдыбай А.

altai.zholdybai@mail.ru

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті,
«6В02305-Қазақ филологиясы» тобының 2-курс студенті
Астана, Қазақстан*

Ғылыми жетекшісі – Л.Ә. Еспекова

Аңдатпа. Мақалада М.Серғалиев еңбектеріндегі көркем әдебиет тілі сөз болады. Ғалымның қазақ қаламгерлерінің тіліндегі сөз саптау мәнері, сөз қолдану ерекшеліктері, тілдік сипаты, жөніндегі зерттеулер қарастырылады.

Түйін сөздер: тіл, көркем әдебиет тілі, сөз.

Аннотация. В статье рассматривается язык художественной литературы в произведениях М. Серғалиева. Рассмотрены исследования ученого по стилю словообразования, особенностям словоупотребления, языковым характеристикам в языке казахских писателей.

Ключевые слова: язык, язык художественной литературы, слово.

Abstract: The article deals with the language of fiction in the works of M. Sergaliev. The research of the scientist on the style of word formation, peculiarities of word usage, linguistic characteristics in the language of Kazakh writers are considered.

Keywords: language, language of fiction, word.

Қазақ әдеби тілінің қабаттарын, оның байлығын танытуда көркем әдебиеттің рөлі ерекше. Көркем әдебиет қашанда өзінің қызметі жағынан ерекшеленеді. Академик М.С.Серғалиев «Белгілі ұлт тілінде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Көркем әдебиет тілі халық тілінің дамып, қалыптасуында аса зор қызмет атқарады. Қазақ тілінің бүгінгі дәрежедей икемді, бейнелі болуында аса көрнекті көркем сөз шеберлерінің елеулі роль атқаратындығын ешкім де жоққа шығара алмайды. Әсіресе, эстетикалық қызметі көркем әдебиет тілінің стильдердің басқа түрлерінен, бір жағынан, даралығын көрсетсе, екінші жағынан, сол стильдер жүйесінде оның жетекші орынға иекендігін де дәлелдейді» деп, көркем әдебиеттің қызметін ерекшеліп атап өткен болатын.

М.С.Серғалиев «Көркем әдебиет тілі» деген еңбегінде көркем әдебиет тілінің мынандай басты-басты ерекшеліктерін атап көрсетеді:

1/ Көркем әдебиет тілі басқа стиль түрлерінен құрамы жағынан ерекшеленеді, яғни құрамыбарынша бай болады;

2/ Коммуникативтік /хабар, дерек берушілік/ және эстетикалық /әсемдік әсер тілінде эстетикалық берушілік/ қызметтерінің бірлігі;

3/ Көркем әдебиет тілінің көп стильділігі;